

"2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 қазандағы № 566 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 42-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 108-жолмен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"

108	Мемлекеттік қаржы саласындағы ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сүйемелдеу, әкімшілендіру, пайдалану және оларға техникалық қолдау көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Қазақстан Республикасының Қ а р ж ы министрлігі	" Электрондық коммерция орталығы" Ж Ш С	001 "Бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және орындалуын қамтамасыз ету және экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметтер", 104 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету"	788707
-----	--	--	---	---	---	--------

"

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *Б.Сағынтаев*